



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қорыта келе білім беру ісі адамзат тарихының қай кезеңінде болсын маңызды рөл атқарған. Ал «XXI ғасыр бұл білімнің салтанат құрған ғасыры» демекші, қазіргі кезде білім беру ісін дамыту кез-келген мемлекеттің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. Ел дамуы үшін жақсы мамандар керек. Ал жақсы мамандарды даярлау үшін біз білім беру ісін барынша дамытуымыз керек. Осы мақсатта елбасымыздың ұстанып отырған саясаты өте орынды. Біз рухани жаңғыру аясында білім беру ісін дамытуымыз керек. Өзіміздің салт-дәстүрлерді сақтай отырып, дамыған елдердің білім беру ісінің жақсы жақтарын алуымыз керек. Қазіргі кезде ағылшын тілін білу заман талабы. Ағылшын тілін білу арқылы біз өз тарихымызды басқа жағынан зерттей аламыз. Қазіргі кезде еліміздің тарихы туралы көп деректер басқа тілдерде жазылған. Соның ішінде ағылшын тілінің алатын қоры ерекше. Ағылшын дерегінің тарихнамалық қоры да мол. Мектептерде кейбір сабақтарды ағылшын тілінде оқу арқылы біз көп нәрсе үйрене аламыз. Қазіргі кезде білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болу бұл заман талабы. Еліміздің әр азаматының бойында осындай қасиеттер болғанда Қазақстан әлемдегі дамыған елдердің қатарына кіре алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том.- Алматы: Атамұра. - 2010
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017
3. Назарбаев Н.Ә.Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ақпун (Айқын) - 10.01.2018

ӘОЖ 930.39(045)Со

ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕРУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сағадатов Тұран.

turan_krasavchik@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері – Талғатбек М.О., Дүкенбаева З.О.

Қазақ өркениетінің әлемдік тарихта алатын орны өте ерекше. Өткенге көз жүгіртсек, ғылым-білімнің дамуы, әсем қалалардың бой көтерген дәуірі «рухани жаңғыру» атауымен есте қалғаны анық. Рухани жаңғыру арқылы өркениеттер кеңістігіне шығып, сахнасында салтанат құруымыз үшін дөңгеленген дүниенің дүбіріне құлақ түріп, заман ағымына ере білуіміз қажет. Әсіресе, бүгінгінің жаңа толқын жастары ғаламдық үдеріспен біте қайнасып, қажетін алып жатқан заманда. Қазіргі ғаламдық өзгерістер жұмсақтықты, жансақтықты кешірмейді. Керісінше жинақылық пен тұрақтылықты жанына жақын тұтып тұратын қалыбы бар тұлға болуды талап етеді. Абылай ханның :

Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермедік.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік, - деген орамды ойлары еріксіз еске түседі [1,1]. Осы орайда, **Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында** екі мәселеге нақты тоқталған. «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», дейді[2,1]. Яғни, алға жылжу үшін тозығы жеткен

кейбір әдет, мінездерден арылып, болашаққа асыл қасиеттерімізбен, құндылықтарымызбен баруымыз керек деп отыр. Хакім Абайдың «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» дейтіні бар [3,1]. Сөзден іске көшуіміз керек. Осыны жүзеге асыру арқылы ғана біз болашаққа парасатты сана биігінен қарай алатын, байсалды, ұлттық асыл мінездерін сақтап жеткен ел болмақпыз. Сонымен қатар, өткен дәуірден санамызға таптаурын болып сіңіп қалған, заман талабына жауап бере алмайтын ілімдер мен көзқарастардан арылу мәселесі де өткір тұр. Тарихты терең білетін Елбасымыздың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен мәдени дамуын тілге тие ете отыра, «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» - деп ой түйіндеген. Қазақ халқының бүгінгі бай мұрасы, біздерге, далада өмір сүрген ежелгі өркениеттен жетті.

Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің — «civilis» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни, «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді.

Көшпелілер бүкіл батыстық пен шығыстық өркениетке әсер етті. Көшпелі өркениет ұғымы тарихта кең ауқымды алады, бірақ, бұл мәдениет әлі толықтай зерттелмеген. Көшпенділер? Осы ұғымның өзі «варварлық», «қатыгездік» мағынасымен байланыстырылады. Бірақ, бұл жай ғана батыс еуропалық пен орыс ғалымдарының пікірі. Бұған еуроцентризм терминінің үлкен әсер етуі деп санайды кейбір ғалымдар. Ағылшын тарихшысы, әрі философы А.Тойнбидің пікірінше «Көшпенділер климаттық пен вегетациялық жылдық циклдің жалғаушысы» деп жазған. Көшпенділердің ең негізгі белгісі - ол олардың даламен байланысы, табиғатпен байланысы және оны сезіне білуі. Олардың тарихын зерттеу өте қиын мәселердің бірі болып тарихта саналады [4,1]. Белгілі ғалым, А.И. Левшин өзінің еңбектерінде Еуразияны мекендеген «жартылай жабайы», «көшпелі қарақшылар» деп атаған [5,1]. Бірақ, оның пікіріне атақты, әрі ғажайып орыс шығыстанушысы қарсы пікір айтқан. Ол, Левшиннің «Қазақтардың Батыс Азиядағы түркі халықтарының бір бөлігі, қарақшылар, бау кеспе ұрылар деген пікіріне» мүлдем келіспейтінін анық көрсеткен. Біз отырықшы мәдениеттен өзге бір мәдениет екеніміз рас, дегенмен де отырықшы өркениетке толықтай қарама-қарсы өркениет деп атауға мүлдем болмайды. Радловтың айтуы бойынша көшпелілер мәдениеті басқа ешқандай да бір мәдениетке ұқсамайды, оларды отырықшылардың жауы деуге келмейді деген пікірімен дәлелдеуге болады. Егер көшпелілер мен отырықшылар бір-бірімен байланыс жасамаса, олардың бағыттары бір-бірімен байланыспаса біз қазіргі Евразия тарихының болу-болмайына толықтай кепілдік бере алмайтын едік. Себебі, Байкал жағалауы, Ангара, Лена жерлерінде Шығыс пен Батыстың қосылатын бір тармағы. Осы араласудың арқасында қазіргі мәдени өркениет пайда болып отыр. Тіпті, Л.Н Гумилевтің өзі өзінің «Древние тюрки» деген еңбегінде көшпелі өркениеттің бар екендігін, олардың өзіндік бір әдет-ғұрыптарының, ерекше бір мәдениетінің болғандығын, оның тарихы өте тереңде жатқанын айтып. Еуразиялық пікірмен еуроцентристік көзқарасқа қарсы шыққан ғалымдардың бірі болған. Бізге көшпелілер туралы деректердің отырықшыларға қарағанда өте аз екені белгілі. Ол ең басты материалдық құндылықтардың тері, ағаш пен жүннің тасқа қарағанда ұзақ сақталмайтыны мысал, әрі тарихи аргумент бола алады. Оларға ең бірінші Ұлы Даланың әсері, оның көріністері шаруашылықта, өзіндік бір қоғамдық бірлестіктің құруы, өзінің мәдениетінің болуын айта аламыз [6,1]. Егер біз географиялық тұрғыдан алып қарайтын болсақ. Біз бір нәрсені картадан анық байқаймыз. Ол, әрине, еуразия материгінде даланың кең алқапты алып жатуы. Ал дала-ол көшпелілердің мекен еткен жері. Онда олар емін-еркін жер өндірумен, саудамен айналысқанын. Осы сауданың арқасында Ұлы Жібек Жолының пайда болғанын, бұның біз тек көшпенділер тарихына ғана емес, отырықшы өркениеттерге қандай әсерін тигізгенін бізге айтпасақта түсінікті нәрсе. Бұл,

әрине, ең бірінші Батыс пен Шығысты байланыстыратын ең маңызды кілт болып саналған. Ал, осы үлкен кең байтақ далада бір мемлекеттің шамаме 400 жылдан астам үстемдік еткен мемлекеттің болуы көшпенділер тарихында біз кездесті деп айта алмаймыз. Оны басқару үшін әрине бір мемлекеттің бір басқару аппаратын болуы шарт, мысалға, хуннуларда-тайпалар бірлестігі, түріктерде-орда, монғолдарда-ұлыс секілді. Бұдан шығатын басты бір қорытынды үлкен кең байтақ далада өзінің билігін жүргізу тіпті мүмкін емес нәрсе деуге де болады. Қазірдің өзінде үлкен территорияны иемдену қиың мәселердің бірі. Ал, осы енді осы басқару механизмін отырықшы Батыс өркениетімен салыстыратын болсақ, Отырықшыларға әлдеқайда оңай болған. Мысалға Византия империясының өзі 10 ғасырдан астам уақыт өмір сүрген. Бұл дегеніміз, көшпелілердің тарихының бақталастыққа толы және өте күрделі болғанын айқындайды. Көшпелі өмірдің Қазақ руханиятында алатын орны ерекше. Жалпы қазақ халқының өзіндік руханиятының тарихи бастаулары жөнінде, оларды тарихи кезеңдері жайлы соңғы кезде біршама нақты тұжырымдар айтылуда. Әсіресе, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Тарих толқынында» деген еңбегінде халқымыздың өткенімен байланысты алты мың жылдық тарихтың шеңберлерін зерделей келе төмендегідей маңызды кезеңдердің болғанын атап өтеді: Бірінші кезең. Ежелгі арийлердің сансыз көп тайпаларының бүгінгі Қазақстанның бүкіл аумағын игеруі. Екінші кезең. Сақ патшалары қалдырған қоныстар мен қорғандар арқылы айғақталады. Үшінші кезең. Көк Тәңірі мен Ұмайға сенген Ғұн тайпаларының рухани әлемінің таралуы. Төртінші кезең. Түркі қағанатының – Мәңгілік ел руханиятының қалыптасуы. Оғыз, қыпшақ тайпаларының жаңа түркі дүниесін құрай бастауы. Бесінші кезең. Орхон-Енисей құлпытастарында руникалық таңбалардың пайда болған түркілік дәуір. Алтыншы кезең. Қазақстан аумағында араб-ислам рухының тарала бастауы және әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари секілді ойшылдардың әлемге таныла бастау кезеңі. Жетінші кезең. Түркі халықтарына рухани ілім ретінде сопылықтың таралуы және Қожа Ахмет Ясауи сияқты рухани тұлғаның замандастары алдындағы беделінің асқақтауы. Сегізінші кезең. XII–XIV ғасырлардағы Шыңғыс әулетінің ықпалында болу дәуірі, түркі тайпалары арасында Алаш ұғымының беки түсуі мен қазақ ру-тайпаларының тұрақты этникалық құрылымдар ретінде қалыптасу кезеңі. Тоғызыншы кезең. XV– XVII ғасырларда қазақ хандығы құрылды, алғашқы рет жалпыхалықтық руханияттың негізі қаланды. Халық рухының ұшқыны ақын-жыраулардың, би-шешендердің, данагөй көсемдердің шығармашылығынан көрініс таба бастайды. Тәуке ханның тұсында қазақтың дәстүрлі құқығының өзіндік үлгісі – «Жеті жарғы» тарихи құжаты дүниеге келді. Оныншы кезең. XVII–XIX ғасырларда қазақтың жауынгерлік рухының сынақтан өткен шағы. Қазақ руханияты өзінің тұтастығын шыңдай түсті, дүниетанымдық әмбебаптығын әрлей түсті, ұлттық бейнесін анықтай түсті. Шоқан, Ыбырай және Абай сынды қазақ ағартушыларының халық руханиятын жетілдірудің гуманистік жолдарын іздеген дәуір болды. Он бірінші кезең – XX ғасыр. Бұл қазақ руханиятының қайшылыққа толы кезеңі еді. Қазақ зиялы қауымы ұлттық ояну мәселесін алға ұсынып, тәуелсіздіктің саяси мәселе ретіндегі маңыздылығын халық санасына орнықтырады. Халық өзінің үштен бір бөлігінің айрылып, тарихи отанында азшылыққа түскен ғасыр болды, тілінен, ділінен айрылып қала жаздаған заман болды. Он екінші кезең – 1980 жылдардың ортасынан басталады. Кеңестік империя құлағаннан кейін үлкен Еуразия аймағында тәуелсіз елдердің қалыптасу кезеңі келді. Руханияттағы түбегейлі өзгерістер ене бастаған дәуір туды. Жеке азаматтар да, қауымдастықтар да өмірдің мәніне Осы соңғы кезең туралы елбасы «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. ... Бірақ бұл мүмкіндік қана, ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жап- пай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» [7, 45 б.] деген орынды тұжырым жасайды. Көшпелі мәдениет басқа ешқандай да бір өркениетке ұқсамайды. Өзіндік ерекшеліктері киіз үйдің болуы, жылқының өте жоғары бағалануы, табиғатты қастерлей білуі т.б. Көшпелікті батыс өркениеті әлі күнге дейін мойындамай келеді.

Қазіргі кезде үлкен глобалды сұрақ талқыланып жатыр. «Дала ма, әлде қала ма?». Дегенмен, дала өркениетінің отырықшылыққа, яғни қалаға ауысуы көптеп кездеседі. Ал, бірақ отырықшы өркениеттің көшпелі мемлекетке айналуы тарихта кездеседі деп айту қиын. Бірақ, тағы бір айта кететін мәселе, көшпелі мәдениеттен шыққан мемлекеттер анағұрлық мықты болады. Мысалға, айта кететін болсақ, Моңғол империясы әлемді жаулап алуға сәл ақ алдында қалды емес пе? Даладан шыққан мемлекеттердің де асқан жігерлік пен рухы жоғары болатынын бізге белгілі. Батыс еуропа ғалымдарының көшпелі тайпаларды "жануарлар", "қаракшылыр" деп ойлауы да осыдан шыққан болар. Дегенмен, қазіргі кезде қай өркениеттің басым болғанын дәл анықтап айту қиын. Әр түрлі ғалымдар Гумилев болсын, Радлов болсын барлығы да көшпелі өркениеттің бәрібір ерекше болғанын мойындаған. Олар Ресей империясының ғалымдары болса да, қазақтың, барлық түркі тайпаларының ешкімге ұқсамайтын жеке бір мәдениет екенін дәлелдеп кеткен.

Көшпелілік өте кең ауқымды тақырып. Оны зерттеудің осы қазіргі кезде үлкен қиындықтар кездеседі, әрине дерекқорлардың аз болуы бірден бір фактор. Біз Қазақ елі Ұлы Дала өркениетін жалғастырған мемлекетпіз. Ата-бабамыздан қалған әлемде теңдесіз жоқ ескерткіштерді қадірлей білуіміз қажет. Келешекке ұмтылу үшін ең бірінші тарихты білуіміз қажет, соны зерттеп қана кемел болашаққа деген сеніміміз айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейғамқызы К. // Ел дамуында – жастар салмағы басым. 2012 жыл. 16 шілде.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017.
3. Назарбаев Н.Ә. Ислам және зайырлы мемлекет. 30 тамыз. 2014. 3 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. — Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013. -500 бет.

УДК 93/94

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ХАОС ПЕН ТӘРТІП

Сайлаубаев Азамат Адлетұлы

aza_777.08@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің Шкурс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. К. Ерменбаева

Адамзат тарихы бар болғаны 2000 жыл кезеңмен өлшенсе де, бұл шын мәнінде күнтізбелік көрсеткіш қана. Шындап келгенде адамзат тарихы 100 000 – даған жылдарды құрайтын тым ерте кезден басталады. Осы уақыт аралығында адам санасы үнемі жетіліп отырып ғылым мен техниканың үздік үлгісін жасаған бүгінгі заманға да жетті. Қазіргі таңда кез келген құбылысқа, жаңалыққа, басқа да тың әрекеттерге ғылыми тұрғыда анықтама және баға беріледі. Қарастырып отырған тақырыбымыз «Хаос және тәртіп» өте күрделі бағыттардың бірі болып саналады. Аталмыш тақырып қоғам және оның дамуы тұрғысында басымырақ сипат алады. Тәртіп пен хаос бір ғана қоғам көкжиегімен шектелмейді, оның таралу шеңбері айтарлықтай сан алуан, атап айтқанда ғарыштық сипаттан бастап молекулалық деңгейге дейін өзіндік орыны бар. Біз бүгін аталмыш тақырыпты «адам-қоғам-даму» тізбегінде қарастырғанды жөн санап отырмыз. Ғылыми тұрғыда хаос және тәртіп терминдерінің анықтамасы айқындалған. Тәртіп-баршаға ортақ қабылданған, барша оны орындауға міндетті қағидалар жиынтығы, ал хаос сол жиынтық пен заңдылықтың іске аспай ыдырауы дегенге саяды. Бұл екі түсінік бір біріне қарама қайшы